



«АККРЕДИТТЕУ ЖӘНЕ РЕЙТИНГТІҢ  
ТӘУЕЛСІЗ АГЕНТТІГІ» КЕМ

НУ «НЕЗАВИСИМОЕ АГЕНТСТВО  
АККРЕДИТАЦИИ И РЕЙТИНГА»

INDEPENDENT AGENCY FOR  
ACCREDITATION AND RATING

# ЕСЕП

«Ақмешіт колледжі» білім беру мекемесінің 2019 жылдың 28 мен 30 мамыр кезеңіндегі білім беру бағдарламаларының мамандандырылған аккредиттеу стандарттарды бағалау (ССК) сыртқы сараптау комиссиясының нәтижелері туралы

0103000-«ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ ЖӘНЕ СПОРТ»

Біліктілігі: 0103023-Дене тәрбиесі пәнінің мұғалімі

0105000-«БАСТАУЫШ БІЛІМ БЕРУ»

Біліктілігі: 0105013-Бастауыш білім беру пәнінің мұғалімі

1227000-«ПОЛИГРАФИЯ ӨНДІРІСІ»

1227103-техник-технолог

**АККРЕДИТТЕУ ЖӘНЕ РЕЙТИНГТИҢ ТӘУЕЛСІЗ АГЕНТТІГІ**

*Сыртқы сараптау комиссиясы*

*Аккредитациялық*

*АРТА кеңесіне*

*жіберілген*



Независимое агентство  
аккредитации и рейтинга

**«Ақмешіт колледжі» білім беру мекемесінің 2019 жылдың 28 мен 30 мамыр кезеңіндегі білім беру бағдарламаларының мамандандырылған аккредиттеу стандарттарды бағалау (ССК) сыртқы сараптау комиссиясының нәтижелері туралы ЕСЕБІ**

**0103000-«ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ ЖӘНЕ СПОРТ»**

**Біліктілігі: 0103023-Дене тәрбиесі пәнінің мұғалімі**

**0105000-«БАСТАУЫШ БІЛІМ БЕРУ»**

**Біліктілігі: 0105013-Бастауыш білім беру пәнінің мұғалімі**

**1227000-«ПОЛИГРАФИЯ ӨНДІРІСІ»**

**1227103-техник-технолог**


**Қызылорда қаласы 28 мамыр 2019 жылы**

## МАЗМҰНЫ

<b>(I) БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР ТІЗІМІ.....</b>	<b>3</b>
<b>(II) КІРІСПЕ.....</b>	<b>4</b>
<b>(III) БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫНЫҢ ҰСЫНЫСЫ.....</b>	<b>6</b>
<b>(IV) ССК САПАРЫНЫҢ СИПАТТАМАСЫ .....</b>	<b>10</b>
<b>(V) МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН АККРЕДИТТЕУ СТАНДАРТТАРЫНА СӘЙКЕСТІГІ.....</b>	<b>15</b>
<b>5.1. Стандарт «Білім беру бағдарламасын басқару».....</b>	<b>15</b>
<b>5.2. Стандарт «Білім беру бағдарламасының ерекшелігі».....</b>	<b>19</b>
<b>5.3. Стандарт «Педагогикалық ұжым және оқытудың тиімділігі».....</b>	<b>25</b>
<b>5.4. Стандарт «Білім алушылар».....</b>	<b>28</b>
<b>5.5. Стандарт «Білім беру бағдарламаларын іске асыру кезінде пайдаланылатын ресурстар».....</b>	<b>31</b> <b>34</b>
<b>5.6. Стандарт «Жекелеген мамандықтар бөлінісіндегі стандарттар».....</b>	<b>36</b>
<b>(VI) ӘРБІР СТАНДАРТ БОЙЫНША КҮШТІ ЖАҚТАРЫН ШОЛУ/ ҮЗДІК ТӘЖІРИБЕ.....</b>	<b>36</b> <b>38</b>
<b>(VII) САПАНЫ ЖАҚСARTU ЖӨНІНДЕГІ ҰСЫНЫСТАРҒА ШОЛУ.....</b>	<b>41</b>
<b>(VIII) АККРЕДИТТЕУ КЕҢЕСІНЕ ҰСЫНЫМ.....</b>	<b>41</b>
<b>1-қосымша. МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН БЕЙІН ПАРАМЕТРЛЕРІ «БАҒАЛАУ КЕСТЕСІ».....</b>	<b>41</b> <b>51</b>
<b>2-қосымша. БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫНА САПАР БАҒДАРЛАМАСЫ.....</b>	<b>57</b>
<b>3-қосымша. ОҚЫТУШЫЛАР САУАЛНАМАСЫНЫҢ НӘТИЖЕЛЕРІ.....</b>	<b>65</b>
<b>4-қосымша. БІЛІМ АЛУШЫЛАРҒА САУАЛНАМА ЖҮРГІЗУ НӘТИЖЕЛЕРІ.....</b>	<b>65</b>

## БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР ТІЗІМІ

- ТРАА - тәуелсіз рейтинг және аккредиттеу агенттігі;
- ББ-білім беру бағдарламалары;
- ҚР - Қазақстан Республикасы;
- ҚР БжҒМ-Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі;
- МЖБС - жалпы міндетті білім берудің мемлекеттік стандарты;
- ТОб-типтік оқу бағдарламасы;
- ССК-сыртқы сараптау комиссиясы;
- ҚТ-қауіпсіздік техникасы;
- ОТҚ-Оқытудың техникалық құралдары;
- ТжКБ -техникалық және кәсіптік білім беру;
- ҚРНҚА-Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілері;
- ИПҚ- инженерлік-педагогикалық қызметкерлер;
- ӘК-әдістемелік кеңес;
- ПҚ-педагогикалық кеңес;



## II. КІРІСПЕ

«Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі»КЕМ 08.05.2019 ж. № 66-19-ОД бұйрығына сәйкес «Ақмешіт колледжінде» 0103000-«Дене тәрбиесі және спорт»,0105000-«Бастауыш білім беру», 1227000-«Полиграфия өндірісі»білім беру бағдарламаларын мамандандырылған аккредитациялаудан өткізілді. Сыртқы сараптау бағалау стандарттары негізінде жүргізілді.

Сыртқы сараптау комиссиясының (бұдан әрі – ССК) есебі колледж қызметінің АРТА стандарттарының өлшемдеріне сәйкестігін бағалауды, колледж қызметін одан әрі жетілдіру бойынша ССК ұсынымдарын және «Ақмешіт колледжіндегі» қызмет профилінің параметрлерін қамтиды.

### ССК құрамы:

1. **Комиссия төрайымы**– Маликова Маржан Сабыровна, КҚК «Алматы мемлекеттік политехникалық колледжі» директорының орынбасары (Алматы қаласы);
2. **Шетелдік сарапшы** – Kühl Marten ove, "Аграрлық-саяси диалог" жобасының бас маманы (Германия);
3. **Сарапшы** – Уалханов Байжан Нурбаевич, т.ғ.к., «Павлодар ауыл шаруашылық тәжірибе станциясы» ЖШС директоры (Павлодар қаласы);
4. **Сарапшы** – Ахметбеков Нурболат Аужанович, С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің
5. Доцент кафедры морфологии и физиологии АО «Казахский агротехнический университет им.С.Сейфуллина» (Нұр-Сұлтан қаласы);
6. **Сарапшы** – Тугерова Галия Бердибаевна, Ш.Есенов атындағы Каспий технология және инжинринг мемлекеттік университетінің көпсалалы колледжінің оқу жұмысы жөніндегі орынбасары (Ақтау қаласы);
7. **Сарапшы** – Сулейменова Алия Зейнулгабденовна, Жезқазған бизнес және көлік колледжі директорының оқу жұмысы жөніндегі орынбасары (Жезқазған қаласы);
8. **Сарапшы** – Кантеев Айдар Калиевич, КМҚК «Қарағанды жоғары политехникалық колледжінің» арнайы пән оқытушысы (Қарағанды қаласы);
9. **Агенттіктен бақылаушы** – Бекенова Динара Каирбековна, ТжКБ ұйымдарын НААР аккредиттеу жөніндегі жобаның жетекшісі (Нұр-Сұлтан қаласы);
10. **Жұмыс беруші** – Мәмен Балдырған Нұртуғанқызы, пресс-секретарь РПП Кызылординской области (Қызылорда қаласы);
11. **Студент** – Шаймуханбет Назерке Ахметқызы, «Қазақ гуманитарлық-заң және техникалық жоғары колледжінің» 0105000 – «Бастауыш білім беру» мамандығының 3-курс студенті (Қызылорда қаласы).

### III. БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫНЫҢ ҰСЫНЫСЫ

«Ақмешіт колледжі» (бұдан әрі-Колледж) техникалық және кәсіптік білім беру саласындағы білім беру мекемесі болып табылады.

2004 жылдың сәуір айында Қызылорда Инженерлік-экономикалық институтының жанынан Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің №353 бұйрығымен колледж ашылды.

2006 жылдың қараша айында колледж Қызылорда көпсалалы гуманитарлық-техникалық колледжі болып қайта құрылды, ал 2019 жылдың наурыз айында колледж «Ақмешіт колледжі» болып өзгертілді.

2019 жылдың 26 наурызында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің Қызылорда облысының Білім саласындағы бақылау департаментімен мемлекеттік лицензия сериясы №KZ15LA00014966 берілді.

2013 жылы колледж мемлекеттік аттестаттаудан өтті.

Меншік түрі: жеке.

«Ақмешіт колледжі» 26 мамандық бойынша кадрлар даярлайды.

№	Шифры	Мамандығы	Біліктілігі
1.	0103000	«Дене тәрбиесі және спорт»	0103023-дене тәрбиесі пәнінің мұғалімі
2.	0105000	«Бастауыш білім беру»	0105013-бастауыш білім беру мұғалімі
3.	1227000	«Полиграфия өндірісі»	1227103-техник-технолог

Қазіргі уақытта 0103000-«Дене тәрбиесі және спорт» мамандығы бойынша оқытушылар құрамы 26 адам, оның ішінде 6 магистр, 8 жоғары біліктілік санатты, бірінші санатты.

0105000-«Бастауыш білім беру» мамандығы бойынша 26 адам, оның ішінде 2 магистр, 7 жоғары санатты оқытушы, 8 бірінші санатты оқытушы.

1227000 – «Полиграфия өндірісі» мамандығы бойынша 26 адам, оның ішінде 2 магистр, 7 жоғары санатты оқытушы, 8 бірінші санатты оқытушы. бұл республика бойынша жоғары

және бірінші санатты оқытушылардың жиынтық үлесінің жалпы көрсеткіштеріне сәйкес келеді.

Оқытушылардың марапаттары бар: «Ы.Алтынсарин төс белгісінің иегері»-1, «Білім беру үздігі төс белгісінің» иегерлері-1, «Қазақстанның үздік мұғалімі» төс белгісінің иегері - 1, «Еңбек ардагері» төс белгісінің иегері-1 және т.б.

Бүгінгі таңда колледж мамандарды мемлекеттік және орыс тілдерінде дайындайды.

Білім беру процесінің сапасын жетілдіру және педагогикалық шеберлікті арттыру үшін жоспарлы түрде педагогикалық, ғылыми - әдістемелік кеңестер, 3 бірлестік жұмыс істейді: «Жалпы білімдікпәндер», «Гуманитарлық-экономикалық пәндер», «Кәсіби-техникалық пәндер» бірлестіктері.

2018-2019 оқу жылында аккредиттелетін мамандықтар бойынша студенттердің жалпы құрамы 1-кестеде көрсетілген.

**1-кесте. Аккредиттелетін мамандықтар бойынша білім алушылар контингенті:**

**0103000 – «Дене тәрбиесі және спорт»**

№ п/п	Көрсеткіштер	2016- 2017 оқу жылы	2017-2018 оқу жылы	2018-2019 оқу жылы
1.	Жалпы мәліметтер			
<b>1.1</b>	<b>ББ бойынша білім алушылардың контингенті барлығы:</b>	<b>107</b>	<b>89</b>	<b>69</b>
	- күндізгі	40	40	33
	- сырттай	67	49	66
<b>1.2.</b>	<b>Ақылы негізде келісім шарт бойынша оқитын студенттердің саны</b>	<b>107</b>	<b>89</b>	<b>69</b>
	- күндізгі	40	40	33
	- сырттай	67	49	66
<b>1.3.</b>	<b>Мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде білім алушылардың саны</b>	-	-	-
	- күндізгі	-	-	-
	- сырттай	-	-	-
<b>1.4.</b>	<b>Қазақ тіліндегі білім алушылардың саны мен үлесі</b>	<b>107</b>	<b>89</b>	<b>69</b>
	- күндізгі	40	40	33

№ п/п	Көрсеткіштер	2016- 2017 оқу жылы	2017-2018 оқу жылы	2018-2019 оқу жылы
	- сырттай	67	49	66

**0105000-«Бастауыш білім беру»**

№ п/п	Көрсеткіштер	2016- 2017 оқу жылы	2017- 2018оқу жылы	2018-2019 оқу жылы
1.	Жалпы мәліметтер			
<b>1.1</b>	<b>ББ бойынша білім алушылардың контингенті барлығы:</b>	<b>137</b>	<b>88</b>	<b>38</b>
	- күндізгі	63	45	17
	- сырттай	74	43	21
<b>1.2.</b>	<b>Ақылы негізде келісім шарт бойынша оқитын студенттердің саны</b>	<b>137</b>	<b>88</b>	<b>38</b>
	- күндізгі	63	45	17
	- сырттай	74	43	21
<b>1.3.</b>	<b>Мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде білім алушылардың саны</b>	-	-	-
	- күндізгі	-	-	-
	- сырттай	-	-	-
<b>1.4.</b>	<b>Қазақ тіліндегі білім алушылардың саны мен үлесі</b>	<b>137</b>	<b>88</b>	<b>38</b>
	- күндізгі	63	45	17
	- сырттай	74	43	21

**1227000-«Полиграфия өндірісі»**

№ п/п	Көрсеткіштер	2016- 2017оқу жылы	2017- 2018оқу жылы	2018-2019 оқу жылы
1.	Жалпы мәліметтер			
<b>1.1</b>	<b>ББ бойынша білім</b>	<b>1</b>	<b>27</b>	<b>44</b>



№ п/п	Көрсеткіштер	2016- 2017оқу жылы	2017-2018оқу жылы	2018-2019 оқу жылы
	<b>алушылардың контингенті барлығы:</b>			
	- күндізгі	-	25	44
	- сырттай	1	2	-
<b>1.2.</b>	<b>Ақылы негізде келісім шарт бойынша оқитын студенттердің саны</b>	-	-	-
	- күндізгі	-	-	-
	- сырттай	-	-	-
<b>1.3.</b>	<b>Мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде білім алушылардың саны</b>	<b>1</b>	<b>27</b>	<b>44</b>
	- күндізгі	-	25	44
	- сырттай	1	2	-
<b>1.4.</b>	<b>Қазақ тіліндегі білім алушылардың саны мен үлесі</b>	<b>1</b>	<b>27</b>	<b>44</b>
	- күндізгі	-	25	44
	- сырттай	1	2	-

Колледждің 3 оқу корпусы бар: 50 адамға арналған студенттік асханасы, спорт залы, 50 адамға арналған жатақхана, 200 орынға арналған акт залы, 100 орынға арналған мәжіліс залы және оқу-зертханалық кешені бар.

Колледждің оқу корпустары зертханалармен, оқу кабинеттерімен және аудиториялармен жабдықталған. Арнайы оқу аудиториялары тиісті қажетті жабдықтармен жабдықталған. Сонымен қатар колледжде оқу залы, электрондық оқу залы және алғашқы медициналық көмек көрсету үшін медициналық пункт бар.

Сабаққа өз бетінше дайындалу және студенттердің өзін-өзі оқыту тиімділігі үшін интернетке қосылған компьютерлік сыныптар жұмыс істейді. Барлық оқу аудиториялары қажетті техникалық оқу құралдарымен, көрнекі құралдармен жабдықталған.

Колледждің негізгі әлеуметтік серіктестері: 0105000-«Бастауыш білім беру» мамандығы бойынша Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы №121 орта мектебі, Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Сүттіқұдық ауылы №52 Б.Аралбаев атындағы жалпы орта мектебі, Қызылорда облысы, Арал ауданы №2 Облыстық арнайы санаториялық мектеп-интернаты,

Қызылорда облысы, Шиелі ауданы №87 орта мектебі, Қызылорда қаласы «Алтын ұя» оқу орталығы, Қызылорда қаласы №8 орта мектебі, Қызылорда қаласы №12 орта мектебі, Қызылорда қаласы №257 орта мектебі, Қызылорда қаласы №233 орта мектебі, Қызылорда қаласы №235 орта мектебі, Қызылорда қаласы №212 орта мектебі, Қызылорда қаласы №267 орта мектебі және №7 мектеп-лицейі.

0103000-«Дене тәрбиесі және спорт» мамандығының оқушылары жалпы білім беретін мектептерде практикадан өтеді: Қызылорда облысы, Сырдария ауданы №210 орта мектеп, Қызылорда қаласы №181 орта мектеп, №106 орта мектеп, №158 орта мектеп, №176 орта мектеп, №12 орта мектеп, №257 орта мектеп, Қызылорда қаласы №1 олимпиадалық резервтің мамандандырылған балалар-жасөспірімдер мектебі, №261 орта мектеп, №197 орта мектеп, №96 орта мектеп, №235 орта мектеп, №267 орта мектеп және №7 мектеп-лицейі.

1227000 – «Полиграфия өндірісі» мамандығы бойынша «Қызылорда-Қанағат» ЖШС, «Орда Сервис-А» ЖШС, «REDORDA» ЖШС-мен шарт жасалды.



арта

#### IV.ССК САПАРЫНЫҢ СИПАТТАМАСЫ

«Ақмешіт колледжіне» ССК сапары колледж директорымен алдын ала келісілген және «Тәуелсіз аккредиттеу және рейтинг агенттігі» КЕМ директорымен бекітілген бағдарламаға сәйкес ұйымдастырылды.

ССК жұмысын үйлестіру мақсатында колледжде белгіленген жиналыс өтті, оның барысында комиссия мүшелері арасында өкілеттіктер бөлінді, сапардың кестесі нақтыланды,сараптама әдістерін таңдау мәселелерінде келісімге қол жеткізілді.

ССК мақсатты топтармен кездесуі сапардың нақтыланған бағдарламасына сәйкес, белгіленген уақыт аралығын сақтай отырып өтті. «Ақмешіт колледж» ұжымы тарапынан сапар бағдарламасында көрсетілген барлық тұлғалардың қатысуы қамтамасыз етілді.

Сапар барысында, мақсатты топтармен жұмыстан басқа, оқу аудиторияларында білім алушылармен және колледж оқытушыларымен, түлектер мен жұмыс берушілермен, колледж қызметкерлерімен және басшылығымен әңгімелесулер өтті.

АРТА ССК-мен кездесулерге қатысқан қызметкерлер мен білім алушылар туралы мәліметтер:

<b>Қатысушылар санаты</b>	<b>Саны</b>
Директор	1
Директордың орынбасарлары	4
Бөлім меңгерушілері	6
Цикл меңгерушілері	3
Бас бухгалтер	1
ОК меңгерушісі	1
Оқытушылар	17
Қызметкерлер	4
Студенттер	34
Түлектер	23
Әлеуметтік серіктестер	18
Оқушылардың ата-аналары	43
<b>Барлығы</b>	<b>154</b>

ССК жұмыс барысында колледж инфрақұрылымын көзбен шолып қарау жүргізілді: оқу кабинеттері, зертханалар, шеберханалар, оқытушылар, компьютерлік сыныптар, кітапхана, оқу залы, медициналық кабинет, спортзал, акт залы, асхана, студенттік жатақхана.

Сонымен қатар білім беру бағдарламаларын іске асыратын бөлім меңгерушілерін, бірлестік меңгерушілерінің құжаттары зерделенді.

Аккредиттелетін бағдарламалар практикасының базаларына қатысты:

Практика базаларына бару кезінде әлеуметтік серіктестер кәсіпорынның қызметі және өндірістік практиканы өткізу сапасы туралы, мысалы: №212 мектеп-гимназия, №140 орта мектеп, №1 олимпиадалық резервтің мамандандырылған балалар-жасөспірімдер мектебі.

1. Қызылорда қаласының №212 мектеп-гимназиясы (директоры-Тилеуова.Г.А.) - бастауыш сынып меңгерушісі Исакова Р.А. практика базалары бойынша іс-тәжірибе өткізіп, оқу және өндірістік тәжірибе осы мектеп базасында өткізілетінін айтты. Мектептен практикаға жауапты Б.Омарова бағдарламалық материалдарды білу, оқушылармен өзара іс-қимыл жасай білу, білімді тәжірибеде қолдана білу туралы колледж студенттерінің дайындық сапасын бағалады.

2. Қызылорда қаласындағы №140 орта мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Ж.Айбатова оқу мекемесіне экскурсия жасап, материалдық-техникалық базаны көрсетіп, оқу және өндірістік тәжірибеден өту тәртібін түсіндірді. Бірақ тексеру кезінде практика құжаттарын көрсете алмады.

3. №1 олимпиадалық резервтің мамандандырылған балалар-жасөспірімдер мектебі (директоры-Джумбаев.И.Ы.) «Дене тәрбиесі және спорт» мамандығы бойынша материалдық базаны әртүрлі практика түрлерін өту үшін талаптарға сәйкес келетінін көрсетті. Тәжірибе шеберлерімен (дзюдодан жаттықтырушы-К. Тілеухан және самбодан жаттықтырушы - А.Әбішев) әңгімелесулер өткізілді, олар колледж практиканттарының оң жақтарын, өздерінің кәсіби қабілеттерін дамытуға мүмкіндіктері бар екенін айтты.

ССК мүшелері аккредиттелетін білім беру бағдарламалары бойынша оқу сабақтарына қатысты.

ФиС-18 тобының «Дене тәрбиесі теориясы мен әдістемесі» пәні бойынша «Күш қабілетін дамыту» тақырыбы бойынша сабағына қатысты. Бұл пәнді жас маман С.Әбдібек жүргізді. Сабаққа 6 студенттен 3 студент қатысты. Жас оқытушы жақсы дикцияға ие, аудиторияға ие болды.

«Спорттық іс-шараларды ұйымдастыру бойынша нұсқаушы» пәні бойынша жоғары санатты тәжірибелі педагог С.Тайжановтың сабағына қатысты. Сабақтың тақырыбы: «Оқу жаттығуын өткізу». Оқытушы пәнді толық меңгерген, пән бойынша өз білімдерін кеңінен пайдаланған, топ студенттерімен белсенді жұмыс істеген.

«Гимнастика және оқыту әдістемелері» пәні бойынша ФиС-17о тобының «Гимнастика жаттығуларының құралдары мен емдік, сауықтыру жұмыстарын жүргізу» тақырыбы бойынша сабағы өтті.Сабаққа 7 студент қатысты. Пәнді колледждің спорт залында маман Т.Қазыбаев жүргізді. Сабақ барысында пән бойынша сауықтыру жаттығуларын меңгеру үшін гимнастикалық снарядтар қолданылды. Алайда, қолданылатын әдістердің қисынды аяқталуы болмады, студенттердің жауаптары бір мағыналы болды, ал кейде педагог өзі қойған сұрақтарға жауап берді. Сабақ жоспары КТЖ сәйкес жасалған.

Сабаққа қатысуды талдау сапалы оқытушылар құрамының жеткілікті теориялық деңгейін көрсетеді. Колледждің оқытушылар құрамының қызметін талдау ұжымның колледждің сапалы дамуын жақсартуға деген ұмтылысын көрсетеді.

Кластердің білім беру бағдарламалары лицензиялық және біліктілік талаптарына сәйкес келеді. Заңнамамен белгіленген және колледждің өзіндік есебінде сипатталған нормалар ССК- да бару барысында расталды. Білім беру бағдарламаларының мазмұны мен білім беру технологиялары нормативтерге сәйкес келеді, халық пен жұмыс берушілердің сұраныстарына бейімделген және өзгермелі жағдайларға сәйкес мезгіл-мезгіл жаңартылып отырады.



## V. МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН АККРЕДИТТЕУ СТАНДАРТТАРЫНА СӘЙКЕСТІГІ

### 5.1. «Білім беру бағдарламасын басқару» стандарты

• ТжКБ ұйымы ББ дамыту жоспарын әзірледі, оның мемлекеттің, мүдделі тұлғалар

мен білім алушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталғанын көрсетеді.

• ТжКБ ұйымы ББ дамыту жоспарының қолда бар ресурстарға, еңбек нарығының қажеттіліктеріне және ҚР Білім беру саясатына барлығын қамтамасыз етуі тиіс.

• ТжКБ ұйымы мүдделі тұлғалар тобының өкілдерін, оның ішінде білім алушыларды, педагогикалық ұжымды және жұмыс берушілерді ББ дамыту жоспарын қалыптастыруға тартуы тиіс.

• ТжКБ ұйымы ББ даму жоспарын қалыптастыру процестерінің ашықтығын көрсетеді. ТжКБ ұйымы мүдделі тұлғалардың ББ даму жоспарының мазмұны және оны қалыптастыру процестері туралы хабардар болуын қамтамасыз етеді.

• ТжКБ ұйымы ББ даму жоспарын қалыптастыру және тұрақты қайта қарау және оны іске асыру мониторингін анықтау керек.

• ТжКБ ұйымы ББ-ны іске асыру туралы ақпаратты жүйелі түрде жинайды, жинақтайды және талдайды және барлық бағыттар бойынша өзін-өзі тексеруді жүргізеді, ББ даму жоспарын әзірлейді және қайта қарайды.

• ББ даму жоспары барлық мүдделі тараптардың өкілдерімен ашық талқылаудан өтеді, олардың ұсыныстары мен түзетулері негізінде ТжКБ ұйымының уәкілетті алқалы органы жобаға өзгерістер енгізеді.

• ТжКБ ұйымы қаржыландыру жүйесінің орнықтылық, тиімділік, нәтижелілік, басымдық, ашықтық, жауапкершілік, өкілеттік беру, межелеу және дербестік қағидаттарын іске асыру дәрежесін көрсетеді.

• Басқару ББ қамтуы тиіс:

- үдерістер арқылы қызметті басқару;

- жоспарлау, дамыту және тұрақты жақсарту тетіктері;

- қызметтің серпінін анықтауға және жоспарларды іске асыруға мүмкіндік беретін есептілік процестерін құруды қоса алғанда, мониторинг;

- өзгерістердің тиімділігін талдау;

- бөлімшелер қызметінің нәтижелілігі мен тиімділігін және олардың өзара іс-қимылын

бағалау.

• ТжКБ ұйымдарында ББ-ны іске асыруды регламенттейтін барлық негізгі бизнес-

*үдерістер құжаттандырылуы тиіс.*

- *ТжКБ ұйымы бизнес-үдерістерге жауаптылардың нақты анықтауын, Өызметкерлердің лауазымдық міндеттерін бір жақты бөлуді, ББ іске асыруға қатысатын алқалы органдар функцияларын шектеуді көрсетуі тиіс.*

- *ТжКБ ұйымы осы процесті регламенттейтін білім беру бағдарламалары мен құжаттарын бекіту, мерзімдік рецензиялау (қайта қарау) және мониторинг жүргізу тәртібін көрсетуі тиіс.*

- *ТжКБ ұйымы білім алушыларға, қызметкерлерге және мүдделі тұлғаларға бағдарланған ақпарат беру және кері байланыс жүйесінің болуын және тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз етуі тиіс.*

- *ББ басшылығы оны жобалауды, басқаруды және мониторингі, оларды жақсартуды, фактілер негізінде шешімдер қабылдауды қамтитын ББ сапасын қамтамасыз ету жүйесінің табысты жұмыс істеуін көрсетуі тиіс.*

- *ББ басшылығы білім беру бағдарламасын басқару жүйесінің ашықтығының дәлелдемелерін ұсынуы тиіс.*

- *ТжКБ ұйымы ББ басқару процестерінде статистиканы жинау және талдау жүйесін қарқынды пайдаланудың болуын және дәлелдемелерін көрсетуі тиіс.*

- *ББ басшылығы педагогикалық ұжымның, персоналдың және білім алушылардың қажеттіліктерін қанағаттану дәрежесін өлшеуді қамтамасыз етуі және өлшеу процесі шеңберінде анықталған кемшіліктерді жою дәлелдемелерін көрсетуі тиіс.*

- *ББ басшылығы білім алушылар, педагогикалық ұжым, ата-аналар үшін ашықтық пен қол жетімділіктің дәлелдемелерін көрсетуі тиіс.*

### *Дәлелді бөлім*

0103000-«Дене тәрбиесі және спорт», 0105000-«Бастауыш білім беру»,1227000-«Полиграфия өндірісі» мамандықтарының білім беру бағдарламалары ҚР МЖМБС және ТОО талаптарына сәйкес мамандарды даярлауға бағытталған.Білім беру бағдарламаларына: оқу жұмыс жоспары, пәндердің оқу жұмыс бағдарламалары, күнтізбелік-тақырыптық жоспар, оқу және өндірістік практика бағдарламалары, оқу процесінің кестесіне сәйкес оқу-әдістемелік кешендер кіреді. Осы құжаттардың барлық түрлері ССК шолуына ұсынылды. Даярлау бағдарламасы миссияға сәйкес міндеттерді орындауға бағытталған және жеткілікті ресурстарға ие: базалық білімі бар кадрлық әлеует, материалдық-техникалық базасы (қажетті жабдықтармен жабдықталған кабинеттер, компьютерлік сыныптар, ТОО және т. б.), практика базаларымен шарттар.

Аккредиттелетін бөлімше бүгінгі күні әзірленген және құжатталған рәсімдер негізінде білім беру бағдарламаларын іске асыру бойынша өз қызметінің сапасын жетілдіру мақсатында жоспарлау, іске асыру, бақылау және бағалау (мониторинг), талдау жүргізеді. Мониторинг экскурсияларды, зертханалық жұмыстарды, практикалық сабақтарды қоса алғанда, оқу-өндірістік қызметтің барлық түрлерін қадағалауды қамтиды.

Жалпы құзыреттерді игеру мыналарды қамтиды: жалпы білім, әлеуметтік-этикалық құзыреттер, экономикалық және ұйымдастырушылық - басқарушылық құзыреттер; білім деңгейіне сәйкес әлеуметтік, экономикалық, кәсіби рөлдерді, географиялық және әлеуметтік ұтқырлықты орындауға дайындық. Білім алушылар арнайы құзыреттерді арнайы пәндерді оқып-үйрену, курстық жобаларды, оқу, кәсіптік және диплом алдындағы практикаларды қорғау барысында алады.

Колледждің барлық процедуралары мен үрдістері білім беру сапасының қол жеткізілген деңгейін қолдауға және дамытуға бағытталған. Бұл туралы студенттердің оқу жетістіктерінің тұрақтылығы, ББ бітірушілерін дәлелді және олардың кәсіби қызметінің сапасы және мансаптық өсуі куәландырады. Әлеуметтік-тұрмыстық саланы, оқу қызметін дамытуға, оқудан тыс уақытта бос уақытын ұйымдастыруға қатысты мәселелер бойынша мониторинг жүргізіледі.

Сауалнама тобына білім алушылар, түлектер, ата-аналар, оқытушылар және әлеуметтік серіктестер енгізілді. Сауалнама нәтижелері бойынша қанағаттанушылық дәрежесін анықтаудан басқа, қызмет бағыттарына сәйкес жоспарларды түзету бойынша шешімдер қабылданады. Бұдан басқа, алынған мәліметтер оқытушылардың конкурстан және аттестаттаудан өту кезінде ескеріледі.

Жиналған деректер жан-жақты (97,8%) ББ-ның осы ережелері мен стратегияларының орындалу деңгейімен толық қанағаттанғанын куәландырады. Бұл ретте оқытушылардың басым көпшілігі колледждің миссиясы мен стратегиясы оқу бағдарламалары мен бағалау рәсімдерінде (жалпы орта 99%) табысты көрсетілген деп санайды. Сондай-ақ, оқытушылардың 65,4% - ы оқу үрдісінде өз стратегияларын сәтті пайдалана алатынын айтты. Бұл ретте сұралған студенттердің 95,6% - ы оқу бағдарламаларының жалпы сапасына және жалпы оқыту әдістеріне қанағаттанған.

Білім беру бағдарламалары мен қабылданған шешімдер туралы ақпарат мүдделі тұлғаларға, жұмыс берушілерге сайт арқылы, басшылықтың білім алушылармен кездесуі кезінде, басшылықтың бұқаралық ақпарат құралдарында, теледидарда сұхбаты арқылы жеткізіледі.

ССК директормен, директордың орынбасарымен, бөлім меңгерушілерімен, бірлестік жетекшілерімен, құрылымдық бөлімшелердің қызметкерлерімен, студенттермен,



педагогикалық ұжыммен, жұмыс берушілер ұйымдарының өкілдерімен және тұлғалармен кездесулер, әңгімелесулер және сұхбат жүргізіп, сондай-ақ студенттер мен оқытушыларға сауалнама жүргізіп, колледждің оқу инфрақұрылымымен, материалдық-техникалық және ақпараттық-әдістемелік ресурстарымен толық танысты.

«Білім беру бағдарламасын басқару» стандарты бойынша жұмысты талдай отырып, білім беру бағдарламасын жүзеге асырудың табыстылығы бірінші кезекте, білім беру бағдарламасын дамыту жоспары мен мақсаттарын жоспарлы, мақсатты және тиімді іске асыру негізінде анықталады, олар, тиісінше, барынша ашық, барлық мүдделі тұлғалар үшін қолжетімді болуы тиіс, бірақ қорытынды шығара отырып, бұл міндет толық дәрежеде колледж сайтының жұмысын және әлеуметтік серіктестермен жұмысты жандандыру жолымен іске асырылуы мүмкін екенін атап өтуге болады.

### *Аналитикалық бөлім*

Ұйым колледждің стратегиялық даму жоспарын әзірлеуді және іске асыруды көрсетеді. Бұл үдеріске білім алушылар, педагогикалық ұжым, ата-аналар, жұмыс берушілер қатысады. Сұхбат, әңгіме, сауалнама негізінде жоспар мазмұны мен оны іске асыру нәтижелері туралы мүдделі тұлғалардың жеткілікті ақпараттандырылуы анықталды.

Колледж сайтында ақпараттық қайнар көзі ретінде педагогтің инновациялық технологиялар мен оқытудың интерактивті түрлерін енгізу бойынша білім беру қызметі ашылды.

ССК АРТА сапары барысында өткізілген оқытушыларға сауалнама жүргізу басқарушылық және стратегиялық шешімдер қабылдау процесіне тартылу өте жақсы екенін көрсетті, бұл -94% құрайды.

#### *Күшті жақтары*

- бизнес-үдерістерге жауаптылар нақты анықталған, қызметкерлердің міндеттері бір жақты бөлінген;
- ББ-ны іске асыруды реттейтін барлық негізгі бизнес-үдерістер құжатталған.

#### *ССК ұсыныстары*

- мүдделі тұлғалар тобының өкілдерін, оның ішінде жұмыс берушілерді, студенттерді, ата-аналарды ББ дамыту жоспарын қалыптастыруға кеңінен тарту тетіктерін әзірлеу (тамыз, 2019ж.);

- әрбір ББ бойынша даму жоспарларын әзірлеу (0103000 – «Дене тәрбиесі және спорт», 0105000-«Бастауыш білім беру», 1227000-«Полиграфия өндірісі») және мемлекеттің, стейкхолдерлер мен білім алушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға оның нақты

ұстанымдылығын және бағыттылығын талдауға сәйкес қалыптастыру, рецензиялау және іске асыру мониторингі тетіктерін жүйелі түрде қайта қарау(тамыз, 2019ж.);

- процедуралардың (ережелердің) сапасын жақсарту үшін сапа менеджменті жүйесін енгізу мүмкіндігін қарастыру ( 2020 жылға дейін.)

- әкімшілік колледж қызметін жақсартатын механизмдерді нақтылауға бағытталған стратегиялық жоспарды түзету бойынша жұмыс жүргізу (жыл бойы);

- білім алушыларға, қызметкерлерге және мүдделі тұлғаларға бағдарланған ақпарат беру және кері байланыс жүйесінің тиімділігін қамтамасыз ету (жыл сайын);

- 0103000-«Дене шынықтыру және спорт» мамандығы бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысын алу мүмкіндігін қарастыру;

- стейкхолдерлердің ББ-ны іске асыру барысы және енгізілген өзгерістер туралы хабардар болуын қамтамасыз ету мақсатында колледж сайтында барлық қажетті құжаттаманы жариялау қажет.

***ССК аталған стандарт бойынша колледждің мамандандырылған профилінде 4 күшті, 13 қанағаттанарлық позициялар бар, 5 жақсартуды талап етеді.***

## 5.2. «Білім беру бағдарламасының ерекшелігі» стандарты

- *ТжКБ ұйымы білім беру бағдарламасы түлектерінің білім, білік, дағды, базалық және кәсіби құзыреттіліктері, жеке қасиеттері бар әзірленген үлгілерінің болуын көрсетуі тиіс.*

- *ТжКБ ұйымы педагогикалық ұжым мен жұмыс берушілердің ББ әзірлеуге, олардың сапасын қамтамасыз етуге қатысуының дәлелдерін ұсынуы тиіс.*

- *ТжКБ ұйымы оқу пәндерінің мазмұның, көлемін, өзара байланысының логикасын, сондай-ақ пәндердің, өндірістік оқыту мен кәсіптік практиканың түлектердің базалық және кәсіптік құзыреттілігін қалыптастыруға әсерін айқындауы тиіс.*

- *ББ басшылығы оқу пәндерінің мазмұнында кәсіби мән мәтіннің болуын көрсетуі тиіс.*

- *ББ басшылығы теориялық және практикалық-бағытталған пәндер арасындағы тиімді теңгерімнің болуын көрсетуі тиіс.*

- *Пәндер тізімі мен мазмұны білім алушыларға қолжетімді болуы тиіс. Пәннің оқылатын барлық сұрақтар, мәселелер жеткілікті жариялануы тиіс.*

- *Білім беру бағдарламасының құрылымында жеке ерекшеліктерін ескере отырып, білім алушылардың базалық және кәсіби құзыреттілігін дамытуға ықпал ететін әртүрлі қызмет түрлерін қарастыру қажет.*

- *Жұмыс берушілердің мүдделерін ескере отырып, білім беру бағдарламаларының жаңартылуы маңызды фактор болып табылады.*

*Бағалау критерилері: ББ дараландыру.*

- *ББ басшылығы білім алушылардың, оның ішінде оқу тіліне қарамастан тең мүмкіндіктерін қамтамасыз етуі тиіс.*

- *ББ басшылығы білім беру үдерісі мәселелері бойынша білім алушыларға жеке көмек және кеңес беру жүйесінің болуын және тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз етуі тиіс.*

- *ББ басшылығы тиімді игеру үшін жағдай жасайды.*

- *ББ басшылығы білім алушылардың білім беру бағдарламаларын іске асыру кезінде артықшылықтарын, жеке ерекшеліктерін, қажеттіліктерін және мәдени тәжірибесін пайдалануды көрсетуі тиіс.*

- *ББ басшылығы ББ іске асыру кезінде білім алушыларға жеке қолдауын көрсетуі тиіс.*

- *ББ басшылығы білім алушылардың жетістіктеріне мониторинг жүйесінің бар болуын дәлелдеуі тиіс.*

*Бағалау критерийлері: білім алушылардың нәтижелерін бағалау.*

- *ББ басшылығы оқыту нәтижелерін объективті, нақты және толық бағалау механизмінің болуын және тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз етуі тиіс.*

- *ББ басшылығы оқыту нәтижелерін бағалаудың объективтілігін және білім алушылардың базалық және кәсіптік құзыреттерін қалыптасу дәрежесін, оларды бағалау құралдары мен механизмдерінің айқындылығын және барлығын қамтамасыз етуі тиіс.*

- *ББ басшылығы білім алушылардың білім деңгейін, іскерлігін және дағдыларын бағалау рәсімдерінің жоспарланған оқыту нәтижелері мен бағдарламаның мақсаттарына сәйкестігін қамтамасыз етуі тиіс.*

- *ББ басшылығы курс бойынша оқу және оқу пәндерін оқып-үйрену кезінде білім алушылардың білімін, іскерлігін және дағдыларын диагностикалауды жүргізуі тиіс.*

- *Оқыту нәтижелерін бағалау үдерістері мен критерийлері ашық болуы тиіс.*

- *ББ басшылығы білім алушылардың келесі білім беру деңгейлерінде оқуын жалғастыру үшін дағдыларын қалыптастыруды қамтамасыз етуі тиіс.*

*Бағалау критерийлері: оқыту әдістемесі.*

- *ББ басшылығы оқытудың белсенді әдістерін және оқытудың инновациялық әдістерін жүйелі түрде дамытуды, енгізуді және тиімділігін қамтамасыз етуі тиіс.*

- *Білім беру бағдарламасын іске асыру кезінде білім алушының өзіндік жұмысына мониторинг жүргізу қажет.*

- *ББ басшылығы білім алушылардың мамандығы/біліктілігі бойынша өндірістік оқыту мен кәсіптік практикадан өту мүмкіндігін қамтамасыз етуі және білім алушылардың, кәсіпорын басшыларының – практика орындары мен жұмыс берушілердің қанағаттанушылығына мониторинг жүргізуі тиіс.*

- *ББ басшылығы білім беру үдерісіне оқытушылардың практикалық жетістіктерінің нәтижелерін енгізуді қамтамасыз етуі тиіс.*

Сараптамалық топ жұмыс оқу жоспарлары мен олардың мазмұнын жетілдіру бағдарламаларына талдау жүргізді. Колледжде оқу жұмысы ҚР БҒМ ТЖКБ мекемелерінің қызметін ұйымдастыру бойынша нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес жүргізіледі.

Кәсіби стандарттарға сәйкес келетін ұлттық және салалық біліктілік шеңберіндежеке тұлғаның кәсіби және базалық құзыреттерін қалыптастыруғабағытталған.

0103000-«Дене тәрбиесі және спорт», 0105000 - «Бастауыш білім беру», 1227000-«Полиграфия өндірісі» мамандықтары бойынша білім беру бағдарламаларының міндеттері әр біліктілік бойынша білім беру бағдарламаларында көрсетіледі және азаматтық, рухани-адамгершілік қасиеттері бар, қажетті кәсіби және әлеуметтік құзыреттілігі бар, өзін үнемі

жетілдіруге және еңбек нарығында бәсекеге қабілетті, экономика талаптарына және қоғам қажеттіліктеріне сәйкес келетін мамандардың бағыттарын ескере отырып айқындалған.

Бұл міндеттер барлық мамандықтар, біліктіліктер мен пәндер бойынша білім беру бағдарламалары мен жұмыс оқу бағдарламаларында көрсетілген базалық және кәсіби құзыреттерді қалыптастыру жолымен жүзеге асырылады. Сабақты жоспарлау кезінде қандай құзыреттер бойынша оқыту жүргізіліп жатқаны көрсетіледі. Оқу үдерісі типтік оқу жоспарлары, пәндердің типтік бағдарламалары негізінде ұйымдастырылады және мамандарды даярлаудың қажетті мазмұнын қамтамасыз етеді.

0105000-«Бастауыш білім беру», 0103000-«Дене тәрбиесі және спорт»,1227000-«Полиграфия өндірісі» мамандықтары бойынша білім беру бағдарламасында күндізгі және сырттай оқу түрлері бойынша студенттерді даярлау қарастырылған. Оқыту негізгі орта, жалпы орта білім негізінде жүргізіледі. 0103000 - «Дене тәрбиесі және спорт», 0105000-«Бастауыш білім беру», 1227000-«Полиграфия өндірісі»мамандықтары бойынша білім беру бағдарламасын жүзеге асыру қазақ тілінде жүзеге асырылады.

Оқу орнының негізгі мақсаты жұмыс берушілердің талаптарына және қоғамның әлеуметтік қажеттіліктеріне сәйкес келетін маманды даярлау болып табылады. Бітірушілердің білімі мен іскерлік дағдылары, базалық және кәсіби құзыреттілігі тек оқу-тәрбие процесінде ғана емес, сонымен қатар кәсіби практикада, педагогикалық қызмет саласындағы кәсіби маман ретінде жұмысқа қабылданғанда көрінеді. Бітірушінің моделі-білім беру бағдарламаларына сәйкес білімді, іскерлікті, дағдыларды, базалық және кәсіби құзыреттілікті, жеке сапаны біріктіретін үлгі.

Колледжді бітіргеннен кейін барлық мамандықтар үшін мемлекеттік үлгідегі диплом беріледі.

Кәсіпорындардың жетекші білім беру ұйымдарында практикадан өткен мамандарды даярлау сапасы туралы пікірлері мен білім алушылардың мінездемелерін талдай отырып, білім алушылардың еңбек процесіне саналы көзқарасы, белсенді өмірлік ұстанымы, жақсы кәсіби білімі қалыптасқаны, оған еңбек нарығындағы сұранысқа ие болуы, бәсекеге қабілеттілігі, болашақ кәсіби қызметте өзін-өзі жүзеге асыруы байланысты болады деген қорытынды жасауға болады.

#### *Аналитикалық бөлім*

Аккредиттелетін ББ іске асыру кезінде арнайы пәндер оқытушылары жыл сайын әлеуметтік серіктестердің кәсіпорындарында тағылымдамадан өтеді.

***ССК АРТА сапары барысында жүргізілген сауалнама:***

- 97,8% студенттер курспен, білім беру бағдарламалары және академиялық дәрежелер туралы ақпараттармен толық қанағаттандырылды;

- Студенттердің 87,8%-ы курс бағдарламасының нақты көрсетілуімен толық қанағаттандырылды;

- Студенттердің 97,8% - ы колледждің оқу ресурстарымен толық қанағаттандырылды.

«Білім беру бағдарламасының ерекшелігі» стандарты бойынша жұмысты талдай отырып, білікті мамандарды кәсіби даярлау көп жағдайда білім беру деңгейінің біліктілік шеңберіне және еңбек нарығының талаптарына сәйкес келетін сапалы білім беру бағдарламаларына байланысты екенін атап өтуге болады.

### ***Күшті жақтары***

- білім алушыларға ББ мәселелері бойынша жеке көмек және кеңес беру жүйесінің жұмыс істеуі;

- оқу нәтижелерін бағалаудың шынайылығын және студенттердің базалық және кәсіби құзыреттерінің қалыптасу дәрежесін қамтамасыз ету үшін оқу нәтижелерін бағалаудың объективтілігі үшін автоматтандырылған бағдарламалар орнатылған.

### ***ССК ұсыныстары***

- орта білім беру жүйесіндегі өзгерістерді ескере отырып жұмыс берушілермен бірлесіп курстық жобалардың (0105000-«Бастауыш білім беру», 0103000-«Дене тәрбиесі және спорт», «Полиграфия өндірісі») тақырыбын өзектендіру (жыл сайын);

- колледждің білім беру үдерісіне білім беру бағдарламалары бойынша арнайы лицензиялық бағдарламалық қамтамасыз етуді енгізуді жалғастыру (2020 жылға дейін);

- оқу-әдістемелік кешендер, ISBN берілетін сандық білім беру ресурстарын әзірлеу бойынша оқытушыларға көмек көрсету бойынша колледждің әдістемелік кабинетінің жұмысын күшейту (2020ж.дейін);

- еңбек нарығының аймақтық қажеттіліктерінің даму ерекшелігін ескере отырып, білім беру бағдарламаларының түлегінің моделін жетілдіру (тамыз, 2019ж.);

- колледжде 0103000-«Дене тәрбиесі және спорт» мамандығы үшін арнайы пәндер бойынша факультативтерді енгізу (тамыз, 2019ж.);

- ҚР Білім және ғылым министрінің 18-ші бұйрығымен бекітілген «ТЖКБ ұйымдарында білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгі ережесіне» сәйкес қорытынды аттестаттау комиссиясының құрамын қалыптастыру. (Ескерту.14.06.2018 ж. № 272 өзгерістер мен толықтырулармен) (жыл сайын);

- Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес қатаң есептегі құжаттарды жүргізу талаптарын сақтау (ҚР БҒМ 23.10.2007 ж. № 502 бұйрығы)(жыл сайын);

- Тәжірибелерді тарту мүмкіндігін қарастыру және білім беру бағдарламалары сапасының деңгейін арттыру үшін өздері оқитын арнайы пәндердің үлесін анықтау(2020 жылға дейін.);

- практикаға бағытталған білім беру технологиялары мен оқытудың интерактивті түрлерін белсенді пайдалану(үнемі).

***ССК аталған стандарт бойынша колледждің мамандандырылған профилінде 5 мықты позиция, 16-қанағаттанарлық, 5-жақсартуды талап етеді.***



### 5.3. Педагогикалық ұжым және оқытудың тиімділігі стандарты

- Білім беру бағдарламаларын іске асыру үшін ББ басшылығы практиктерді тартып, олар оқитын пәндердің үлесін анықтауы тиіс.
- ББ басшылығы педагогикалық ұжымды білім беру үдерісінде үнемі инновацияларды қолдануға ынталандыруы тиіс.
- ББ басшылығы педагогикалық ұжымның кадрлық әлеуетінің білім беру бағдарламаларының ерекшелігіне сәйкестігін көрсетуі тиіс.
- ТжКБ ұйымы педагогикалық ұжым туралы мәліметтердің жұртшылық үшін қол жетімділігін көрсетуі тиіс.
- ББ басшылығы педагогикалық ұжым қызметінің мониторингін, педагогтардың құзыреттілігін жүйелі бағалауды, оқыту сапасын кешенді бағалауды қамтамасыз етуі тиіс.
- Педагогтардың жұмыс жүктемесі әр түрлі қызмет түрлерін қамтуы тиіс. ББ басшылығы педагогтердің жоспарланған жүктеменің барлық түрлерін орындауының дәлелдерін көрсетуі тиіс.
- ББ басшылығы жас педагогтарды дамыту бойынша мақсатты іс-қимылдарды қамтамасыз етуі тиіс.
- ББ басшылығы педагогтар мен қызметкерлердің кәсіби және тұлғалық дамуын ынталандыру тетіктерін көрсетуі тиіс.
- ББ басшылығы педагогикалық ұжымның қанағаттану мониторингін қамтамасыз етуі тиіс.
- ББ басшылығы педагогикалық ұжымның ат-құзыреттілігін, оқытудың инновациялық әдістері мен формаларын қолдануды көрсетуі тиіс.
- Педагогикалық ұжымның қоғам өміріне қатысуы маңызды фактор болып табылады.

#### *Дәлелді бөлім*

Колледждің оқытушылар құрамы оқытудың заманауи әдістерін меңгерген тиісті біліктілігі бар педагогикалық кадрлармен қамтамасыз етіледі. Штаттық бос жұмыс орындарын қамтамасыз ету БАҚ-та хабарландыру жолымен жүзеге асырылады. ПОҚ сапалық құрамын қалыптастыру басым бағыттардың бірі және колледждің 2017-2021 жылдарға арналған стратегиялық даму жоспарында көрсетілген.

0103000-«Дене тәрбиесі және спорт», 0105000-«Бастауыш білім беру», 1227000-«Полиграфия өндірісі» мамандықтары бойынша кадрларды іріктеу білім беру бағдарламаларының қажеттілігі негізінде жүзеге асырылады. Кадрлар бөлімі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне және ішкі нормативтік құжаттарға сәйкес оқытушылар мен



қызметкерлерді қабылдау, ресімдеу, жұмыстан шығару бойынша ағымдағы рәсімдерді жүзеге асырады.

Колледжде **честип** берушінің кодексі қабылданды және әрекет етеді (www.kmgtk.kz педагогикалық кеңес отырысында қаралды және директордың 31.08.2017 ж. №22-а бұйрығымен бекітілді). Бұл оқу орнының профессорлық-оқытушылық құрамы мен колледж қызметкерлерінің мінез-құлқы мен қарым-қатынасының моральдық және адамгершілік нормаларының жиынтығын білдіретін ішкі ұйымдастыру-нормативтік құжаты және оқу орнының қолайлы моральдық-психологиялық ахуалын жасауға бағытталған.

Колледж миссиясы басымдықтарының бірі белсенді және мақсатты кадр саясатын жүзеге асыру болып табылады. Әлемдік білім беру кеңістігіне кірігу жағдайында отандық білім беру жүйесін дамыту оқытушылардың сапалы құрамымен тығыз байланысты. Колледждің басымдылығы педагогикалық құрамның сапалы контингентін қалыптастырумен анықталады. Оқытудың заманауи әдістерін, білімі мен іскерліктерін меңгерген педагог кадрлармен қамтамасыз етілуіне ерекше көңіл бөлінеді.

Соңғы үш жылда 0103000-«Дене тәрбиесі және спорт», 0105000-«Бастауыш білім беру», 1227000-«Полиграфия өндірісі» мамандықтары бойынша білім беру процесінде АКТ-ны тиімді пайдалану бойынша жұмыс жүргізілуде.

#### ***ССК АРТА сапары барысында өткізілген ПОҚ сауалнамасы:***

- колледж педагогикалық ұжымды оқу үрдісінде инновацияларды қолдануда қамтамасыз етуге мүмкіндігі бар – «өте жақсы»-50% және «жақсы»-50 %;
- оқытушылар білім беру бағдарламасының мазмұнын қанағаттандырады –«өте жақсы» - 53,8% және «жақсы» - 46,2%;
- оқытушылардың басшылықпен кері байланыс деңгейі «өте жақсы» - 57,7%; «жақсы» - 42,1%;

#### ***Аналитикалық бөлім***

«Педагогикалық ұжым және оқыту тиімділігі» стандарты бойынша жұмысты талдай отырып, педагогикалық шеберлік біліктілікті арттырудың тұрақты деңгейімен анықталады. Осыған байланысты колледж өз оқытушыларын жыл сайын «Өрлеу» БАҰО АҚ, Холдинг «Кәсіпқор» КЕАҚ біліктілікті арттыру курстарына жіберетінін атап өткім келеді.

#### ***Күшті жақтары***

- педагогтардың жұмыс жүктемесі әр түрлі қызмет түрлерін қамтиды;
- педагогикалық ұжымның колледж өміріне қатысуы.

## **ССК ұсыныстары**

- 0103000-«Дене тәрбиесі және спорт», 0103023-«Дене тәрбиесі мұғалімі»білім беру мекемелерінде,0105000- «Бастауыш білім беру» мамандықтары бойынша оқытушылардың біліктілігін арттыру және тағылымдамадан өту мүмкіндіктерін қарастыру (2020 жылға дейін.);

- 0105000-«Бастауыш білім беру» мамандығы бойынша арнайы пәндерді ағылшын тілінде оқыту үдерісінде пәндік-тілдік кіріктірілген оқыту мақсатында CLIL әдістемесін оқуға ықпал ету (2020ж. дейін.);

- оқытушылар мен студенттердің кәсіби құзыреттілігін дамыту үшін инновациялық жобаларды әзірлеу (2020 жылға дейін.);

- педагогтар мен қызметкерлердің кәсіби және тұлғалық дамуын ынталандыру тетігін жетілдіру жұмысын жалғастыру (жыл сайын);

- арнайы пәндердің жас оқытушыларының тәлімгерлігі бойынша жұмысты жалғастыру (үнемі);

- жұмыс берушілермен бірлесіп жұмыс берушінің материалдық-техникалық базасын оқу сабақтарын өткізу.

Жалпы орта білім беру ұйымдары өкілдерінің нақты жұмыс орындарында оқытудың жаңа технологияларын көрсету үшін пайдалану мүмкіндігін қарастыру (2020 жылға дейін).

Қорытындылар ССК критерийлер бойынша:

***ССК атап өткендей, осы стандарт бойынша колледждің мамандандырылған профилі 2, 6 қанағаттанарлық позициядан тұрады, 3 позиция жақсартуды талап етеді.***

#### 5.4. Білім алушылар стандарты

- ББ басшылығы білім алушылардың контингентін қалыптастыру саясатын және оның рәсімдерінің ашықтығын көрсетуі тиіс.
